



XFTAP 16.01.45

М.Е. Адилов

M. Narikbaev KAZGUU University, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(E-mail: m_adilov@kazguu.kz)

Сөз мәнін талдай отырып, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді оқытудың жолдары

Анатпа. Бұл мақалада фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер құрамындағы көнерген сөздердің мағыналарын түсіндіру арқылы бұларды оқытудың тиімді жолдары қарастырылған. Күнделікті өмірде жиі қолданылып жүрген мақал-мәтелдердің құрамында мағынасы күңгірт тартқан сөздер көптеп кездеседі. Студенттер, жастар сол мағынасы түсініксіз сөздерді дұрыс түсіне алмағандары үшін мақал-мәтелдің мағынасын толық ұға алмайды. Мақал-мәтелдерді толық түсінбегендері үшін, оларды керексіз жерде, орынсыз жағдайда қолдану жағдайлары орын алады.

Мысалы, «Бүлген елден бүлдіргі алма» мақалындағы бүлген формасын түсінбегендіктен, «Бүлінген елден бүлдіргі алма» деп өзгертіп қолдануда. Бұл жағдайда мақалдың мағынасы толық өзгереді. Бұлу – «соғыстың салдарынан, өрттің шығуынан т.б. келеңсіз жағдайлар себебінен күйреу, аңырау, быт-шыт болу» мағынасындағы көне етістік. Сонда «Бүлген елден бүлдіргі алма» дегеніміз «Соғыстан қирап қалған, азынап қалған немесе өрттеніп кеткен үйден қамшының сабын да алмаңыз (бәлесі жұғады, жаман болады деген ырыммен)» мәнін білдіреді. Ал бүл- орнына әдеби тілдегі бүлін- формасын қолданар болсақ, мақалдың мағынасы толықтай өзгеріп шыға келеді. Осындай жағдайлар орын алмауы үшін зерттеуде мағынасы түсініксіз сөздердің мәнін ашу арқылы фразеологизмдерді дұрыс түсіну жолдары көрсетілген, жиі айтылатын тұрақты тіркес құрамындағы көнерген сөздердің түп-негізі түсіндірілген, сондай-ақ оларды қалай оқыту керектігі туралы сөз қозғалған. Мағынасы күңгірт тартқан сөздердің негізгі тізімі жасалып, қазақ тілі оқытушыларына фразеологизмдерді оқыту үшін бағыт-бағдар көрсетілген.

Түйін сөздер: мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, көнерген сөздер, қазақ тілін оқыту, түркі тілдері, түркі жазба ескерткіштері.

DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2019-128-3-95-102>

Кіріспе. Фразеологизмдер туралы жалпы қалыптасқан қағидалар бар, мысалы:

- Фразеологизмдер ішіндегі сөздер тұтасып барып, бір мағынаны білдіреді;
- Оларды құрастырушы сөздердің лексика-семантикалық мән-мағынасына қатысы болмай, мүлде басқаша мағынаны білдіреді;
- Тұрақты тіркестегі сөздер бір бүтін бірлік ретінде қолданылады;
- Тұрақты тіркестегі жеке сөздер мен фразеологиялық мағына арасында тікелей байланыс жоқ;
- Басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келмейтін сөздер тізбегі [1, 10-13].

Қорыта айтар болсақ, тұрақты тіркестер – бөлінбес бөлшек екен. Бұл қағидалар бойынша, тұрақты тіркестер құрамындағы сөздер жеке-жеке талданбайды, жеке сөздің мағынасы ажыратылмайды. Оның құрамындағы сөздер бөлек аударылмайды, яғни әр сөз жеке тұрып мағына бермейді, құрамындағы сөздер тіркесі тұтас мағына береді. Мысалы, *ит арқасы қиянда, жауырды жаба тоқу, тіл тигізді, қас пен көздің арасында* тағы сол сияқты.

Алайда кейде бұл қағидаға сәйкес келмейтін тұстар да болады. Олай болса бөлінбес бөлшек қағидасына шек келтіруге болады екен. Яғни «тұрақты тіркестер құрамындағы сөздерді жеке талдауға болмайды» деген дәстүрлі ұғымды қатып қалған қағидаға айналдыруға болмайды деген сөз. Өйткені кей фразеологизмдердің құрамындағы сөздердің жеке мағынасын ашуға тура келетін жағдайлар да болады. Бұндай талдау жасалмай кей тіркестердің дәл мағынасын ашып беру қиындық туғызады. Сол себепті кей фразеологизмдерді дұрыс түсіну үшін құрамындағы сөздерді талдау керек болады.

Зерттеу. Фразеологизмдерді тиімді оқытудың бір жолы – оның құрамындағы мағынасы күнгірт тартқан сөздердің мағынасын ашу және түсіндіру арқылы оқыту. Өйткені қалың жұртшылық, оның ішінде жастар мен студенттер күнделікті өмірде қолданылып жүрген мақал-мәтелдерде, тұрақты тіркестер құрамында бұл күнде аса көп қолданылмайтын, мағынасы күнгірт тартқан немесе мүлдем түсініксіз сөздер көптеп кездеседі. Оқушы тұрақты тіркесті жиі қолданып жүрсе де ондағы сөздерді дұрыс түсіне алмай дал болады. Кей кезде сол сөздерді түсінбегені үшін тұрақты тіркесті орынды жерінде қолдана алмайды немесе мағынасы күнгірт тартқан сөзді оған ұқсайтын басқа сөзбен алмастырып қояды. Оқытушы болса сол мағынасы күнгірт тартқан сөздердің мағынасын ашып бере алса, онда оқытылып жатқан фразеологизмдердің толық мағынасы ашылады. Осы негізге сүйене отырып, бұл жұмыста сөз тәркінін білу арқылы фразеологизмдердің мағынасын түсіндірудің оңай жолдары көрсетілген.

Мақал-мәтелдердегі сөздердің басым көпшілігі – бұл күнде қалың оқырманға әбден таныс емес, мән-мағынасы түсініксіз сөздер. Сондықтан оқушы өзі қолданып жүрген мақалдың дәл мағынасын білмеуі де мүмкін. Сол себепті мақал-мәтелдерді оқытқанда ішіндегі сөздердің мәнін ашып алу қажет. Мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, дайын тілдік единицалар, бұлар өзгеріске ұшырамайды, ішіндегі сөздерді жеке-жеке аудармауға келмейді. Алайда бұлардың кейбіреулері бұл ескертуге бағынбайды. Фразеологизмдердің мағынасын толықтай түсіну үшін олардың құрамындағы сөздердің мәнін білу керекпіз.

Мысалдар:

1. Әй дер, ажа, қой дер қожа жоқ «Бассыздық, тәртіпсіздік туралы айтылады, ешқандай ұйымшылдық жоқ, басалқы айтар кісісіз өткен деген мағынада қолданылады» [2, 22].

Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде *ажа* сөзі «үй іші, ауыл-аймақтағы бас көтерер ақылшы адам» деп түсіндірілген [3, 19].

Біз де түркі тілдері деректерін негізге ала отырып, бұндағы *ажа* сөзін «ана, әже, үйдің үлкен адамы» деп аударып бере аламыз. Салыстырыңыз:

Енисей ескерткішінде *ача* “туыс” (E.41/7) [4, 4]; Диуани Лұғат ат-түрк ескерткішінде *ачы* “кемпір, апа, әже” (DLT 56/12) [5, 538]; Шағатай жазба ескерткіштері тілінде *ача* “әйел адам, ана”; *ажы* “ана, үлкен жастағы әйел”.

Ұйғыр тілінде *ача* “әпке” (YUTS 2013: 2); өзбек тілінде *оча* “әже” (YPC 1959: 310); қырғызшада *эдже* “әпке” (KS 2011: 320); алтайдың телеут диалектісінде *ача* “аға, көке” (TelAS 2000: 1); тува тілінде *ача* “әке” (TuvPC 1968: 77).

Сайып келгенде, сүйіп оқитын, жатқа айтатын, халық тарапынан жиі айтылатын фразеологизмдерде арнайы түсіндіруді қажет ететін сөздер кездеседі. Солардың бірі жоғарыда талданған тұрақты тіркестегі *ажа* сөзі.

Ажа – көне түрік тілінде «жасы үлкен туыс» деген ұғымды білдіретін ача сөзінің қазақша тұлғасы. Бұның мағынасы түсініксіз болғаны үшін осы сөзді түрліше құбылтып қолданылып жүргендер де бар. Мысалы, ажа мағынасы күңгірт сөз болғаны үшін соңғы кездері *эй дер әже, қой дер қожжа жоқ* варианты да қолданылуда. Бірінші варианты дұрыс болу керек өйткені *ажа* варианты көне болып табылады.

2. Адам аласы ішінде, жылқы аласы сыртында [6, 538].

Рабиға Сыздықова бұл мақалдағы *ала* сөзін «ала түске» қатысты көрмей, *ала* түсінің ауыспалы мағынасымен байланысты көрген [7, 31].

Ғалымдар мақалдағы *ала* сөзін «ала» түсімен байланыстырып көргендері үшін, мақалдың нақты мағынасын бере алмауда.

Диуани Лұғатит Түрк ескерткішінде *ала* сөзі «адамның ішіндегі жасырын нәрсе, сыр; адам ішіндегі жаман ойлар» деп түсіндірілген:

Киши аласы ичтин, йылкы аласы таиштын «Кісінің жаман ойы ішінде, жылқының сыры сыртында» (DLT 58/44) [5, 44]. Осы мәліметтерді негізге ала отырып, жоғарыдағы қазақ мақалын да осылай аударып оқытқан дұрыс болар еді.

Қырғыз, қарақалпақ тілдерінде бұл мақал қолданылуда және сөздіктерде төмендегідей түсіндірілген:

Адам аласы ичинде, мал аласы тышында (қырғыз мақалы) «Адамның жаман мінезі ішінде, жылқының ішіндегісі сыртында» (KS 2011: 18).

Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде (қарақалпақ мақалы) «Мал жануар жақтырмаса оны іс-қимылымен көрсетер, адам жақтырмаса ішінде ұстар» (КкРС 1958: 35).

Сонымен, қазіргі кезде жиі айтылатын сөз болғанымен, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамында беретін мағынасы бұл күнгіден басқаша келетін сөздер бар. Бұлардың бірі жоғарыдағы *Адам аласы ішінде, жылқы аласы сыртында* мақалындағы *ала* сөзі «ала» түсті білдіретін сөз емес, «адамның ішіндегі жасырын дүниелер, ішіндегі қулық» мағынасындағы сөз екен. Оқытуда осы мәліметтерге сүйене отырып мақал-мәтелді түсіндіру, оқушының бұл мақалды тез жаттап алып, дұрыс түсініп және орынды жерде пайдалануына мүмкіндік береді.

3. Арулап қойды “Құрметпен қадірлеп жерледі [2, 64].

Тұрақты тіркесті сөзбе-сөз «тазалап қойды» деп аударып берсек те болады. Өйткені мұндағы *арулау* етістігі түркі тілдеріндегі «тазалау» мағынасындағы сөз. Қазақ әдеби тілінде болса, тек сөз еткен тұрақты тіркес құрамында сақталған.

Қазақ говорларында *арулау* етістігінің сақталғаны байқалады [8, 73].

Қазақ тілінің қысқа этимологиялық сөздігінде «тазалау» мағынасындағы *арулау* етістігінің тек *ақ жуып арулады* тұрақты тіркесінде сақталғаны баяндалған [9, 42].

Тұрақты тіркес құрамындағы *арулау* етістігінің түбірі, орхон ескерткіштеріндегі *арыз* «таза» (Т.37) сөзі. Қазақ тіліндегі «сұлу» мағынасындағы *ару* сөзі де осымен байланысты. Қазақта қыз баланың сұлулығы ең бірінші тазалығымен есептелген. Сол себепті *ару* деп «таза» қыздарға айтылған. Кейінірек «таза» мағынасындағы *ару* сөзінің мағынасы кеңейіп «сұлу қыз; жалпы әйел заты» мәндерінде жұмсалатын болған. Сөздің алғашқы «таза» мағынасы ұмытылған.

Диуани Лұғатит Түрк ескерткішінде *арызла-* «көп зат ішінен ең жақсысын таңдау, тазасыны таңдау» (DLT 153/133) [5, 133].

Түрік тілінде *arıla-* “тазалау” (TS 2011: 149); ұйғыр тілінде *ерикле-* (YUTS 2013: 126); татар тілінде *арула-* (ТТАС I 1977: 73); құмық тілінде *ариуле-* «жөндеу, әшейкеулеу, әдемілеу» (KumTS 2011: 40); алтай тілінде *арула-* “тазалау” (ATS 1999: 29); тува және хакас тілдерінде *арызла-* “тазалау” (ТувРС 1968: 71; НТС 2007: 50).

Моңғол тілінде *ариз* «таза», *аризула-* «тазалау» (MTS 2003: 84).

4. Қыз ауыр ма, тұз ауыр ма [6, 88].

Халық арасында бұл мақал кең таралған. Алайда бұның дәл мағынасы туралы тартыс көп. Әркім әр түрлі болжайды. Мақалды тура мағынасында түсінетіндер баршалық. Жұмбақ деп те ұғатындар бар. Бұл астарлы бір мақал. Оқушыларға түсініксіз мақал болғандықтан оны тура мағынасында түсініп, «қыз қалай ауыр болуы мүмкін» деп ойланып қалуы мүмкін. Расында, мақалды түсіне алмайтындай жөн бар. Неге десеңіз, оның құрамындағы *ауыр* сөзінің мағынасы күңгірттеу. *Ауыр* сөзінің мағынасы ашылмағаннан мақалды дұрыс түсіне алмай жүрміз.

Оқытушы бұл сөздің ауыспалы мағынасын білетін болса, онда мақалды дұрыс түсіндіріп бере алады. Сонымен, *ауыр* сөзінің мәнін ашар болсақ, бұл «қымбат» мағынасындағы көне сөздердің бірі екен.

Білге қаған ескерткішінде *ағыр* «қымбат, бағалы» (BK.D.2; BK.G.15); көне ұйғыр жазба ескерткіштер тілінде *ағыр* «қымбат; маңызды; құрмет»; *ағыр-аяғ* қылу «құрмет көрсету» [4, 20]; Диуани лұғатит түрк ескерткішінде ағыр «бағалы» (DLT 38/25); *ағырлығ* “сыйлы” (DLT 34/21) [5, 21, 25]; Codex cumanicus ескерткішінде *ағыр* “сый, құрмет” (CC.14b/6).

Түрік тілінде *ağır* “бағалы, қымбат, құрметке ие”: *ağır misafir* «құрметті қонақ» (TS 2011: 40); әзербайжан тілінде *agir* “өте қымбат” (АДИЛ I 1966: 47); сары ұйғырлар тілінде *ағыр* “қымбат” [10, 11]; тува тілінде *aap* [11, 38]; якутшада *ыар* (ЯРС 1972: 520).

Сонымен, көне түркі тілі және қазіргі түркі тілдерінің материалдары негізінде *ауыр* сөзінің ауыспалы «қымбат, бағалы, құрметке лайық» мағыналарында қолданылуының мүмкін екендігін көрдік. Түркі тілдері материалдары негізінде мағынасы түсініксіз болған сөздің мәнін аша алдық.

Қыз ауыр ма, тұз ауыр ма мақалын осы тілдік деректерге сүйене отырып, “Қыз қымбат па, тұз қымбат па» деп түсіндіріп бере аламыз.

Қазақ тілі сөздіктерінде *ауыр* сөзінің «қымбат» мағынасы туралы сөз қозғалмаған, оның бұл мағынада жұмсалуды тек осы мақалдан байқалған.

“*Ауыр*” мағынасындағы сөздердің ауыспалы мағынаға ие болу құбылысы тілде бар. Мәселен *күшті, әйбат*, зор сөздерінің алғашқы мағынасынан «керемет, тамаша» т.б. ауыспалы мағыналар туған. Тіпті, бұлардың алғашқы «ауыр» мағынасы ұмыт болған. Сонымен қатар, моңғол тілінде «ауыр» мағынасындағы күндү сөзі тува және алтай тілдерінде «құрметті, қымбатты» мағыналарына ие болуы бұған семантикалық дәлел бола алады.

Рабиға Сыздықова, *ауыр* сөзінің *ауыр қол, ауыр жұрт* сияқты сөз тіркестерінде «көп» мәнінде жұмсалғанын байқаған болатын [7, 4].

Енді екінші мәселеге келер болсақ, неге қыз бен тұз қымбат? Неге бұлар қатар қойылып айтылады?

Ежелден қазақ жұртында *қыз* ең қымбат, ең асыл, ең ардақты жан болып, оны ерекше құрметтеп қастер тұтқан, төрден орын берген. Көне ескерткіштер тіліндегі *қыз* сөзінің өзі «қымбат» мағынасында жұмсалған. Тұздың да қазақ даласында орны бөлек болған. Ең қымбат қазына болып есептелген. Содан болу керек осы мәтелде *қыз* бен *тұздың* бағалы дүние болғаны айтылған. Оны аяққа тапталмай немесе таптамай, қастерлеп қадірлеу керек екені сөз етілген. Тұз бен *қыз* қатар қойылып айтылатын басқа да мақал-мәтелдер бар:

1. *Астың дәмін тұз келтірер,*
Ауылдың сәнін қыз келтірер [12, 72]
2. *Тұзды көп сақтама, су болады*
Қызды көп сақтама күң болады [12, 74]
3. *Тұз десе түйеде тағат жоқ*
Төркін десе қызда тағат жоқ [12, 89]
4. *Түйе тұзға келер,*

Күйеу қызға келер [12, 384] деген мысалдарымыз соның айқын дәлелі.

Ауыр сөзінің «қымбат» мағынасын табу арқылы жоғарыдағы *Қыз ауыр ма, тұз ауыр ма?* мәтелін дұрыс түсінеміз. Өзіміз дұрыс түсінгеннен кейін оқушыларға дұрыс түсіндіре аламыз

Қорыта келгенде, кейбір жеке сөздердің де бұл күндегі қолданылуы, яғни беретін мағынасы мен ертеректегі мағынасы бірдей еместігі байқалады. Мысалы, *ауыр* сөзін біз салмаққа байланысты ұғымда (ауыр жүк) немесе осы ұғымнан шыққан ауыспалы мәнде *ауыр сөз, ауыр тиді, жұмыстың ауыры* деген сияқты тұстарда айтамыз. Ал *қыз ауыр ма, тұз ауыр ма* мақалында келіп, «қымбат» деген мағынаны білдіріп тұр.

5. Көсегең көгерсін «Өркенің өссін, бала-шағаң көп болсын» мағынасындағы алғыс-тілегінде бізге түсініксіздеуі көсеге тұлғасы.

Көне ұйғыр жазба ескерткіштері мен Диуани лұғат ат-түрк сөздігінде *көшиге* формасы «көлеңке» мәнінде қолданылған. Көне қыпшақ ескерткіші Кодекс Куманикуста *көшеген* варианты «перде» мағынасында қолданыла бастаған. Ал шағатай жазбаларынан бастап *көшеге* сөзі «шымылдық, жастар төсегінің шымылдығы» түсінігіне ауысқан.

Қазіргі түркі тілдерінен ұйғыр тілінде *көшүке* «перде, шымылдық», өзбекшеде *гөшаңга/күшәнә* «шымылдық, жаңа үйленген жастарға арналған және ақ шымылдықпен қапталған төсек»; қырғыз тілінде *көшөгө*, алтай тілінде *көжөгө*, хакасшада *көзеге*, тува тілінде *көжеге* варианты «жастар шымылдығы» мағыналарында сақталған. Қазіргі түркі тілдеріне бұл сөз моңғол тілінен енген болуы керек. Моңғол тілінде *көсіге* формасы «перде, шымылдық» мағынасында қолданылады.

Қорыта келсек, моңғол тілінен «шымылдық» мәнінде енген *көсеге* сөзі тұрақты тіркес құрамында «төсек, көрпе» мағынасына ие болған. Бұл сөздің «төсек, шымылдық, көрпе, пердеге» қатысты екендігінің дәлелі – бұның көрпең ұлғайсын нұсқасының да бар болғаны. Бір жағынан көсеге сөзінің мағынасы ұмыт болғаны үшін *көрпең ұлғайсын* варианты туған болуы мүмкін.

Жоғарыда келтірген деректер негізінде көсегең көгерсін алғыс-тілегін «көрпен, төсегің ұлғайсын» деп аударып, «ұрпағың көбейсін» деп ауыспалы мәнде түсіндіріп бере аламыз.

6. Қыздың көзі қызылда [12, 4].

Қалың көпшілік тарапынан қолданылып жүрген мақалдың бірі.

Бұл мақалдың мәні мен құрамындағы сөздері жалпы түсінікті десе болады. Бір қарағанда бұнда «қыздың көзі қызылда, яғни қыз баласы қызыл түске, қызыл киімге, қызыл бұйымға жақын болады» дейтін мән бар сияқты. Бұл да *қызыл* сөзінің тура мағынасынан туындаған анықтама. Алайда бұл *қызыл* сөзінде басқа мән бар сияқты, зерделей келе бұндағы *қызыл* сөзінің басқа мәнде, яғни «алтын» мағынасындағы сөз екенін байқау қиын емес. Сөзімізге бірнеше дәлел келтіруге болады. Ең алдымен, тілдік факторлар. Тілдегі сөздің мағынасын ашу үшін көне немесе орта түркі тілі және туыстас тілдер деректеріне сүйену қажет, яғни тарихи-салыстырмалы әдісті қолданбай сөздің мәнін ашу мүмкін емес.

«Алтын» мағынасындағы *қызыл* сөзі орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінде көрінген. Мысалы, Хорезм түркі тілі дәуірі (XIII-XV ғғ.) ескерткіші Нехжүл ферадис жазбасында «алтын» мағынасында *қызыл-алтын* (NF.64.13) қос сөзі қолданылған. Шағатай жазба ескерткіштерінен Шайбани хан сөздігінде *қып қызыл алтун* тіркесі бар (Şiban.71a-5); Қорқыт ата кітабында *қызыл* сөзі «алтын» мәнінде жұмсалған (DKK.10-7).

Қазіргі түркі тілдерінен түрік анадолы диалектілерінде *kızıl* (DS VIII 1972: 2863) және азербайжан тілінде *gızıl* (AzTS 1994: 521) сөздері «алтын» мәнінде сақталған; түркмен тілінде ғызыл: тұлғасы актив қолданылады, тіпті, біздің *Алтын көрсе періште жолдан таяр* мақалымыз бұл тілде *Ғызыл гөрсе қызыр йолдан азар* (ТДС 1962: 222) болып жұмсалуда; қарайым тілінде *қызыл* сөзі «алтын ақша» (КРПС 1974: 383) мәніне ие; якут тілінде *қыһыл*

көмүс тіркесі болса «алтын» мағынасында.

Ноғай ауыз әдебиетінің жанры «Қазақ жырларында» *қызыл алтын* тіркесі қолданылған:

*Бұлан қуған қазаққа,
Алла берер қызыл алтын етекпен.
Қызыл алтын Алла берген қазаққа,
Кімлер бермес еру қызын йетекпен* (ТЕА ХХІ 2002: 111).

Алтынның өзі *қызыл* түсті болғанынан, түсі негізінде зат атауы пайда болды. Мысалы аттың түсіне байланысты атаулар тілде бар нәрсе: *алаға міндім, керге міндім* тағы сол сияқты.

Қызыл сөзінің басқа да мақал-мәтелдерде қолданылуы, сөзімізге семантикалық дәлел бола алады:

Қыздың көзі қызылда, әйелдің көзі әдеміде [6, 90].
Қыз ұзатқанның қызылы қалмайды [12, 4].
Ананың көңілі қызында, қызының көңілі қызылда [12, 4].
Ақшаның көзі қызыл [12, 4].

Осының бәрін жинақтай келе, *Қыздың көзі қызылда* мақалын «Қыздың көзі алтында» деп түсіндіріп бере аламыз.

Сонымен, *Қыздың көзі қызылда* мақалы қате түсіндіріліп жүргендей құрамындағы сөздер қате түсіндірілсе, мақалдың мағынасы да жойылады. Бұл жерде *қызыл* «алтын» мағынасындағы сөз. Оның «алтын» мағынасы білінбегені үшін, мәтел қате түсіндірілуде.

7. Қолқа салды «Қимас, қымбатты затын қалады, сұрады» [2, 448].

8. Сөз тапқанға қолқа жоқ [12, 187].

Қалың көпшілік тарапынан жиі қолданылып, әлеуметтік желілерде көп талқыланған тақырыптардың бірі осы. Әркім әртүрлі талдау жасап, тіркестердің мәнін ашуға тырысып бағуда. Алайда талдаулардың көбі халық этимологиясы сипатына ие. Біз болсақ, бұл фразеологизмдердің мәнін ашу үшін көне және қазіргі түркі тілдері деректеріне жүгіндік.

Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде «тілеу» мәніндегі *қолу* етістігінен туған *қолтғучы* “тілекші, өтініш айтушы” (EUTS 2011: 181) туындысы бар. Қарахан дәуірі ескерткіштерінен Құтты Білікте *қолтғу* (KB.4275) сөзі «тілек, қалау» мәніне ие. XIV ғасыр Хорезм ескерткіші Муқаддиметұл-едеб жазбасында *қолтқа* тұлғасына өзгеріп, «тілек, өтініш, қалау» мағынасында жұмсалған (ME.151-6); сол дәуірдің Мүминұл мүрит жазбасында *kolgu* (MM.375/4) формасы бар.

Қазіргі түркі тілдерінен қарайым тілінде *қолтқа* сөзі «дұға, бата, тілек» (KRPS 1974: 369) сақталған.

Тіл деректері негізінде жоғарыдағы *қолқа салды* тұрақты тіркесін «өтініш-тілек білдірді» деп аударып бере аламыз. Оқушыларға фразеологиялық сөздіктегі *қолқа салдының* «қимас, қымбатты затын қалады, сұрады» түсіндірмесінен өтініш қылды, тілек-қалауын білдірді деп аударып түсіндірген жеңілірек болар деген ойдамыз.

Ал *Сөз тапқанға қолқа жоқ* мақалын «сөз тапқанға тілек, өтініш жоқ» деп түсіндіріп бере аламыз.

Сонымен, бұл жердегі *қолқа* сөзі «жүректен денеге қан тарататын ең ірі және басты тамыр; кеңірдек пен өкпенің түйіскен жері» және «жүк артқан түйенің тарту арқанының дәл төске келетін жеріне өткізіліп қоятын жең сияқты киіз» [3, 515] мағыналарындағы *қолқа* сөзіне қатысы жоқ. Түйеге салатын қолқа бір бөлек, адамға салар қолқа да бір бөлек. Яғни *қолқа салдыдағы* қолқаның түйеге артар қолқамен байланысы жоқ. Байланысы бар дегеннің өзінде қолқа салдының *қолқа етті, қолқа қылды, қолқа айтты* [2, 446] варианттарын қайда жібереміз. Қолқаның бәрі салына бермейді ғой, айтылады, қылынады (өтініш, тілек, қалау болғаны үшін). *Әр көрген ақ қалпақты – атамыз емес, әр көрген ақ жсаулықты –*

анамыз емес демекші, әр ұқсайтын нәрсені атамыз санау дұрыс емес-ау. Яғни омонимдес сөздердерді ажырата білуіміз қажет-ақ.

Нақты тілдік фактілерге сүйене отырып, сөздердің мәнін ашу керек. Этнографиялық зерттеулер өте қажет шаруа, оны да тілдік факті негізінде пайдалану керек алайда түркі тілдерін салыстыра зерттеу қағидасын ұмытпау керекпіз. Сөз ұқсайды деп, ұқсайдымен байланысты көру өте жеңіл шаруа. Нағыз іс сол – сөзді көне түркі жазба ескерткіштерінен немесе қазіргі түркі тілдерінен іздеу.

Сонымен, *қолқа салды* тұрақты тіркесіндегі *қолқа* «өтініш, тілек, қалау» мағынасындағы сөз екен. *Қолқа* сөзінің түбірі, «тілеу, қалау, өтініш айту» дегендегі *қолу* етістігі.

Қорытынды. Мақал-мәтелдер – ауыз әдебиеті мұрасы болғаны үшін бұларда бұл күнде ұмыт бола бастаған немесе мүлде ұмытылған я болмаса мағынасы өзгерген сөздердің кездесуі заңды. Сондай сөздердің сырын біліп, қолданылған жеріндегі мағынасын түсіну, олардың түп-төркінін танып отыру өте қажет деп білеміз. Бұларды оқытушы оқушыларға оқыту керек деп ойлаймыз. Әсіресе бүгінгідей ана тіліміз – қазақ тілінің дәрежесі көтеріліп, әлеуметтік жүгі артқан кезде, осы тілдің барша байлығын игеру, тарихын білу – рухани парызымыз болмақ. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамында кездесетін, қазіргі көпшілік оқырманға түсініксіз бірқатар бейтаныс сөздер оқытушы тарапынан мүмкіндігінше түсіндіріліп тұрғаны жөн. Дұрыс түсіндірілген сөз арқылы, фразеологизмдерді дұрыс түсіну мүмкіндігі туады. Сөз төркінін білсе, фразеологизмді орнында дұрыс қолдана алады. Құрамындағы сөздің мағынасын түсінбесе, фразеологизмді дұрыс түсінбей орынсыз жерде қолданып қалуы мүмкін. Немесе ол сөздің мағынасы түсініксіз болғаны үшін басқа сөзбен алмастырып жіберу мүмкін, ұқсас сөзді орнына қолданып, фразеологизмнің негізгі мағынасынан ауытқуы мүмкін.

Осы, мақал-мәтел, тұрақты тіркестерді оқышылар, жастар дұрыс түсіну үшін бұл мақала жазылған. Мағынасы күңгірт тартқан сөздердің негізгі тізімі жасалған. Бұл тізім қазақ тілі оқытушыларына фразеологизмдерді оқытуда, сөздердің мағынасын ашуда пайдаға жарауы тиісті.

Қазақ ғылымында мақал-мәтелдердің түсіндірмелі сөздігін жасау ісі жүргізілмей тұр. Қазақ мақал-мәтелдерінің біршама бөлігі арнайы талдауды, түсіндірмелі түрде мағынасын ашуды талап етеді. Солардың бірі сөз қозғап жатқан мақалдар. Бұлардың сырын, тегін, мән-мағынасын біле жүру, бір жағынан, қалың көпшілік үшін қызғылықты болса, екінші жағынан, ана тіліміздің байлығын игере түсулеріне, мұндай сөздерді орнымен қолдана білулеріне көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы: «Санат» баспасы, 1996. – 128 бет.
2. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс», 2007. – 797 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. – 968 б.
4. Древнетюркский словарь. – Ленинград: «Наука», 1969. – 676 с.
5. Ercilasun A., Akkoyunlu Z. Kaşgarlı Mahmud, Divanu Lugati`t-Türk. – Ankara: «TDK Yayınları», 2015. – 995 s.
6. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант». 65-том. Қазақ мақал-мәтелдері. 2010. – 414 б.
7. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: «Санат», 1994. – 190 б.
8. Диалектологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс», 2007. – 800 б.
9. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: «Мектеп», 1974.
10. Малов С. Язык желтых уйгуров. – Алматы: «Наука», 1957. – 196 с.
11. Татаринцев Б. Этимологический словарь тувинского языка, Том I. – Новосибирск: «Наука», 2000. – 340 с.
12. Кейкін Ж. Қазақтың 777 мақалы мен мәтелі. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2002. – 448 б.

М.Е. Адилев

Университет КАЗГЮУ имени М. Нарикбаева, Нур-Султан, Казахстан

**Способы изучения фразеологизмов, пословиц и поговорок
казахского языка посредством анализа их значения**

Аннотация. В данной статье были рассмотрены некоторые особенности изучения фразеологизмов, пословиц и поговорок казахского языка. В часто используемых устойчивых оборотах встречаются непонятные слова. Большинство студентов и молодежь, зная значения фразеологизмов, пословиц и поговорок в целом, затрудняются в понимании архаизмов, встречающихся в них. В статье путем объяснения архаизмов анализируется их значение.

Ключевые слова: казахский язык, пословицы и поговорки, фразеологизмы, архаизмы, тюркские языки, древнетюркские памятники.

M.E. Adilov

M. Narikbayev KAZGUU University, Nur-Sultan, Kazakhstan

**Teaching of phraseological units and proverbs of the Kazakh language with the help of archaism
evidences stored in them**

Abstract. In this article, some features of teaching phraseological units and proverbs of the Kazakh language were considered. In frequently used proverbs and sayings there are not clear words. Most students and young people knowing or understanding the meaning of a phraseological unit do not understand archaisms in the words found in these combinations. And therefore it is difficult to understand these words. In the article, with the help of an explanation of incomprehensible archaisms, the meaning of proverbs and sayings is given.

Keywords: kazakh language, proverbs and sayings, phraseological units, archaisms, Turkic languages, ancient Turkic monuments.

References

1. Smagulova G. Frazеologizmderdin varianttary [Variants of phraselological units] (Sanat, Almaty, 1996, 128 p.).
2. Kenesbajev I. Frazеologijalik sözdik [Phraseological dictionary] (Arys, Almaty, 2007, 797 p.).
3. Kazak tilinin tusindirmeli sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language] (Daik-Press, Almaty, 2008, 968 p.).
4. Drevnetyurkskij slovar' [Ancient Turkic dictionary] (Nauka, Leningrad, 1969, 676 p.).
5. Erzhasilun A., Akkojunlu Z. Kashgarly Mahmud, Divanu Lugatit-Turk, (TDK, Ankara, 2015, 995 p.).
6. Babalar sozi [The words of the ancestors] (Foliant, Astana, 2010, 414 p.).
7. Syzdykova R. Sozder sojlejdi [The words you say] (Sanat, Almaty, 1994, 190 p.).
8. Dialektologijalyk sozdik [Dialectological dictionary] (Arys, Almaty, 2007, 800 p.).
9. Kazak tilinin kyskasha etimologijalyk sozdigi [Short etymological dictionary of the Kazakh language] (Mektep, Almaty, 1974).
10. Malov S. Ijazyk zhelytyh ujugurov [The language of the yellow Uighurs] (Nauka, Almaty, 1957, 196 p.).
11. Tatarincev B. Etimologicheskij Slovar` Tuvinskogo Ijazyka [Etymological dictionary of the Tuvan language] (Nauka, Novosibirsk, 2000, 340 p.).
12. Kejkin Zh. Kazaktyn 777 makaly men meteli [777 Kazakh proverb] (Olke, Almaty, 2002, 448 p.).

Автор туралы мәлімет:

Әділов М.Е. - Жалпы білім беру мектебі, Қазақ және орыс тілдері департаментінің оқытушысы, PhD доктор, «М. Нарикбаев атындағы КАЗГУУ Университеті» АҚ, Қорғалжын тас жолы, 8, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Adilov M.E. - Lecturer (PhD Doctor) of General Education School, Kazakh and Russian Languages Department, M. Narikbayev KAZGUU University, Korgalzhyn highway, 8, Nur-Sultan, Kazakhstan.